



Теңізшевройл Деректер мен дәйектер

2012 жыл бойынша қорытынды мәлімет

Тарих/Қатысушылар:

- Әлемдегі ең терең және ірі мұнай кеніштерінің бірі болып саналатын Теңіз мұнай кеніші 1979 жылы ашылды.
- «Теңізшевройл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 1993 жылы 6 сәуірде Қазақстан Республикасы мен «Шеврон» компаниясы арасында жасалған келісім негізінде құрылды. «Теңізшевройл» ЖШС-нің қазіргі кездегі серіктестері: «Шеврон» – 50%, «ҚазМұнайГаз» АҚ – 20%, «ЭксонМобил Қазақстан Инк.» – 25% және «ЛукАрко Б.К.» – 5%.

Өнім өндіру/Қорлар:

- Теңіз кенішінің өнімді қабаттарындағы 2033 жылдың сәуір айына дейінгі есеппен алынуға тиісті мұнай қоры 750 миллионнан 1,1 миллиард тоннаға дейінгі мөлшерді (6-9 млрд. баррель) құрайды. Жалпы барланған қоры жөнінен Теңіз кенішінде 3 миллиард тонна (26 млрд. баррель), ал, Королев кен алаңында 190 миллион тонна (1,5 млрд. баррель) шамасында мұнай бар деп есептелінеді. Теңіз коллекторының шеңбері едәуір, ені 19 шақырым (12 миль), ұзындығы 21 шақырым (13 миль) құрайтын аумақты алып жатыр.
- 2008 жылдың үшінші тоқсанында Теңізшевройл Шикі газ айдау және Екінші буын зауыты (ШГА/ЕБЗ) жобасын аяқтап, нәтижесінде мұнай өндірудің тәуліктік қуаты шамамен 75 000 тоннаға немесе 600 000 баррельге, ал, табиғи газ 22 миллион текше метрге немесе 750 миллион текше пұтқа жетті.

Мұнай өндіру көлемі:

- 2012 жылы мұнай өндіру көлемі 24,2 миллион тоннаны (193 миллион баррель) құрады.
- ТШО мұнайды бірнеше тасымалдау бағыттары бойынша экспортқа шығарады. ТШО шикі мұнайды Каспий Құбыр Концорциумының құбыры арқылы Новороссийскіге және темір жолмен Одесса, Феодосия және Ақтауға, әрі қарай Батумиге және Кулевиге экспортқа жібереді.

ТШО өнімінің өзге түрлері:

- ТШО сұйытылған газ сату көлемін 1,2 миллион тоннаға жуық, ал құрғақ газ сату көлемін 6,2 миллиард текше метрге жеткізді.
- ТШО 3,5 миллион тонна күкірт сатты, бұл аталмыш кезеңдегі өндірілген 2,1 миллион тонна күкірттің 169% құрайды. 2012 ж. 31 желтоқсанындағы мәліметке сәйкес, күкіртті сату бағытындағы табысты жұмыс нәтижесінде Теңіздегі сақталған күкірт көлемі 2,6 миллион тоннаға дейін азайтылды. Теңізшевройл жоғары сапалы күкірттің төрт түрін ең алдымен Жерорта теңізі бассейні мен Орта Азия елдеріндегі тұтынушыларға және Қазақстан, Ресей, Украина, Қытайға өткізуде.

Денсаулық сақтау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау

- 2000 жылдан бері Теңізшевройл қоршаған ортаға әсерді азайтуға бағытталған жобаларға 2,5 миллиард АҚШ доллар көлемінде қаржы бөлді.
- Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған бұл инвестициялар алауларда жағылатын газдың жалпы көлемін 2000 жылдан 92%-ға азайтуға мүмкіндік берді.
- 2000 жылдан бері өндірілген мұнайдың бір тоннасына шаққандағы атмосфераға жіберілген шығарындылардың көлемі 68%-ға азайды. 2012 жылы атмосфераға жіберілген шығарындылардың көлемі ТШО өндірген мұнайдың бір тоннасына шаққанда, орта есеппен, 2,61 килограмды құрады. ТШО 2000 жылдан бері жылдық мұнай өндіру көлемін 131% өсірді.
- 2000 - 2012 жылдар аралығында қоршаған ортаны қорғау шараларына жұмсалған инвестициялар КТЛ-дағы техникалық ақаулар санын 81%-ға, ал техникалық ақаулар кезінде алауларда жағылатын шикі және қышқыл газ мөлшерін 87%-ға азайтуға ықпалын тигізді.



Теңізшевройл Деректер мен дәйектер

2012 жыл бойынша қорытынды мәлімет

Қаржы көрсеткіштері:

- 1993 - 2012 жылдар аралығында ТШО-ның Қазақстанға тікелей қаржы төлемі тұтастай алғанда 74,2 миллиард АҚШ долларын құрады. Бұған ТШО-ның жергілікті қызметкерлеріне төленген еңбекақы, қазақстандық тауар өндірушілер мен жабдықтаушылардың өнімдері мен қызметтеріне жұмсалған қаржы, мемлекеттік кәсіпорындарға берілген тарифтер мен төлемдер, қазақстандық серіктеске бөлінген тиісті дивидендтер, сонымен қатар мемлекеттік бюджетке аударылған салық және роялти түріндегі төлемдер кіреді.
- 2012 жылы Қазақстан Республикасына төленген тікелей төлемдердің мөлшері 14,2 миллиард АҚШ долларын құрады. 2011 жылғы мемлекетке тікелей төлемдер көлемі 14,4 миллиард АҚШ долларын құраған болатын.

Қазақстандық тауарлар мен қызметтер:

- 2012 жылы Теңізшевройл қазақстандық тауарлар мен қызметтерді пайдалануға 1,8 миллиард АҚШ доллары шамасында қаржы жұмсады. 1993 жылдан бастап Теңізшевройл қазақстандық қамтушылардың 13,1 миллиард АҚШ долларын құрайтын тауарлары мен қызметтерін пайдаланды.

Қызметкерлер:

- ТШО-да жұмыс жасайтын қазақстандық қызметкерлердің үлесі 1993 жылғы 50% көрсеткішпен салыстырғанда 87% құрайды.
- ТШО-дағы жергілікті ұлттық басшылардың, орта буын жетекшілерінің үлесі жалпы басшылық құрамның 76% құрайды. Кадрларды оқыту және шыңдау жөніндегі тұрақты бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде жауапты басшылық лауазымдарға тағайындалған жергілікті қызметкерлер қатары көбейе түсуде.

Әлеуметтік салаға үлес:

- 1993 жылдан бастап ТШО өз қызметкерлері мен жергілікті тұрғындардың игілігі үшін Атырау облысының әртүрлі әлеуметтік жобаларына 800 миллион АҚШ доллардан астам қаржы жұмсады.
- 2012 жылы ТШО ерікті «Игілік» әлеуметтік инфрақұрылым бағдарламасына 20 миллион АҚШ доллары көлемінде қаржы бөлді. Оның едәуір бөлігі жалпы құны 60 миллион АҚШ долларынан асатын Құлсары қаласының сумен жабдықтау жүйесін жаңарту жобасын жүзеге асыруға жұмсалды. 2013 жылдың «Игілік» бағдарламасы бюджеті 25 миллион АҚШ долларын құрайды. Аталмыш қаржының негізгі үлесі Атырау қаласы мен Жылыой ауданында балабақшалар мен мектептер құрылысына жұмсалады.
- 2013 жылы Атырау облысының денсаулық сақтау, білім және оқыту салаларының сапасын жақсартуға көмектесу үшін ТШО-ның әлеуметтік инвестициялар бағдарламасына шамамен 1 миллион АҚШ доллар көлемінде қаржы бөлінді.